

«Келісемін» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі: Г.Ж.Барикова

«Тексерілді» 
МКҚК №1 «Күншуақ»
бөбекжай-балабақшасының
әдіскері: J. M. Асанова

**Ақбөбек ортаңғы тобының
ата-анамен жүргізілетін жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы**

Мақсаты:

Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.

Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата-ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.

Отбасы адамзат бесігінт ербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы-ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Ата-анаға баладан жақсы ешкім жоқ. Ал бар тәрбиеміздің көзі – ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздер, яғни небір кереметтің барлығын ақыл сөздер мен мақал-мәтелдер екені сөзсіз.

Қыркүйек

№	Жұмыс түрі	Тақырыбы	Мақсаты	Жауапты
1	Ата-аналар жиналысы	Жаңа оқу жылына ортақ дайындық	1. Танысу сәті психологиялық тренинг 2. Ата-аналарды жаңа оқу жылымын таныстыру 3. Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлау 4. Ата – аналарды балабақша ережесімен, тәртібімен таныстыру.	Тәрбиеші
2	Іс-шара	«Қартым-асыл қазынам»	Үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болу.	Тәрбиеші
3	Ата-анаға баяндама	«Баланың балабақшаға бейімделуі»	Баланың жағдайын түсіндіріп талқылау.	Тәрбиеші, Ата-аналар
4	«Тазалық-денсаулық кепілі»	Денсаулық сақтау ережесі	Әрбір отбасына өз денсаулықтарына құрметпен қарауға, салауатты насихаттау.	Тәрбиеші, медбике

Қазан

№	Жұмыс түрі	Тақырыбы	Мақсаты	Жауапты
1	Психогимнастика	«Күншуақ» жаттығу	Ауызбіршілікке, татулыққа шақыру.	Тәрбиеші Психолог
2	«Алтын күз» мерекесі Табиғи материалдар жинақтау.	Хабарландыру, шақыру, көрме ұйымдастыру, күз сыйлығын дайындау.	Мерекелерді балалармен бірге ата-аналар да ортақтасып өткізу.	Тәрбиеші, ата- ана, балалар.
3	Дөңгелек үстел	«Бала деген кім?»	Сұрақтарға жауап беру.	Ата-аналар, балалар, тәрбиеші.
4	Баяндама	«Баланың тілін дамыту»	Баяндаманы ата-анамен талқылау	Тәрбиеші, ата-ана.

Қараша

№	Жұмыс түрі	Көрнекі құралдар	Мақсаты	Жауапты
1 +	Ата-аналарға кеңес: «Тұмаудың алдын алу шаралары».Ертеңгіліктерге дайындық.	Хабарландыру,кеңестер.	Ата-аналарға балаларының денсаулықтарына,тұмаудан қорғану жайында көмек беру.	Тәрбиеші,ата-ана. Медбике
2 +	Дөңгелек үстел: «Баланы қызғаншақтықтан сақтау»	Шақыру,хабарландыру	Балаға отбасындағы тәрбиенің қаншалықты маңыздылығы жайында пікірлесу.	Тәрбиеші. Ата-ана
3	«Менің туған күнім» мерекесі	Құттықтаулар ілу,сыйлық дайындау.	Балаларға туған күндерін қуанышпен есте қалардай қылу.	Тәрбиеші,ата-ана
4 +	«Тоқта,сақтан,жол ашық!» Жолда жүру ережесі.	Газет шығару,кеңес беру,ЖЖЕ бұрышын жасау..	Балаларының тағдырына,көшедегі сақтық ережелеріне ата- аналарына ой салу.	Тәрбиеші,ата- ана,балалар.

Желтоқсан

№	Жұмыс түрі	Көрнекі құралдар	Мақсаты	Жауапты
1 +	Ата-аналарға кеңес: «Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі»	Хабарландыру,баяндама дайындау,компьютердан көрнекіліктер.	Ата-аналарға қиын баланың психикасы туралы кеңестер дайындап,жеке ата-аналардың қиындықтарын бірігіп шешу.	Тәрбиеші.
2	«Тәуелсіздік-Тұғырым!» мерекелік іс-шара.	Хабарландыру,газет шығару,көрме ұйымдастыру,теледидардан желтоқсан көрінісінен үзінді.	Ата-аналарды өтіп жатқан іс-шараларға белсене қатысуын,сәбилерін туған жерге,Отанға деген құрметпен тәрбиелеу.	Тәрбиеші,ата-аналар.
3	«Қазақстаным-мақтанышым!» сурет көрмесін ұйымдастыру.	Сурет көрмесі,хабарландыру.	Балаларымен қосылып газет шығаруға,мерекелік көңіл-күй туғызу.	Тәрбиеші,балалар,ата-аналар.
4	«Кел жаңа жыл,жаңа жыл!» мерекелік ертеңгілік.	Топты безендіру,әр түрлі ойыншықтар ілу,суретке түсіру.	Ата-аналардың өз балаларының қуанышты күн жасауларын,жаңа жылдық сәттерін туғызу.	Тәрбиеші,ата-аналар,балалар.

Қаңтар

№	Жұмыс түрі	Көрнекі құралдар	Мақсаты	Жауапты
1	Қардан әсем қалашық және аулада қысқы ойындар ұйымдастыру.	Суреттер: «Қардан не жасауға болады?» хабарландыру, шақыру.	Ата-аналарды балаларымен бірге қардан әр түрлі пішіндерді жасауға, ортақтасып еңбектенулерін ұйымдастыру.	Тәрбиеші, ата-аналар, балалар.
2	Ертегілер кейіпкерлері қонақта.	«Ертегілер балаға не үшін қажет?» сауалнама, қуыршақтар дайындау.	Отбасын ертегілер көруге, оларды сахналай білуге үйрету.	Тәрбиеші, ата-аналар.
3 +	«Баланы ұрып тәрбиелеуге бола ма?» кеңес.	Кеңес: «дидактикалық ойын баланы неге үйретеді?», сыныпты дидактикалық ойынмен толықтыру.	Ата-аналарға дидактикалық ойын туралы, оның балаға пайдасы жайлы түсінік беру.	Тәрбиеші.
4	«Қыс қызықтары» таза ауада ойындар.	Шақыру, шана, қауіпсіздік ережесін оқу, сауалнама дайындау.	Қысқы ойындар, таза ауадағы серуеннің қаншалықты балаға пайдасы бар екенін ата-анаға ұғындыру.	Тәрбиеші

Ақпан

№	Жұмыс түрі	Көрнекі құралдар	Мақсаты	Жауапты
1	Ата-аналар жиналысы «Бала-біздің болашағымыз»	Жиналысқа шақыру, теледидардан тақырыпқа байланысты көріністер.	Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарын анықтап, дұрыс тәрбие беруге бағыттау.	Тәрбиеші.
2	Кеңес: «Салауатты өмір салты»	Қабырға газетіне кеңес дайындау.	Балаланың міне –құлқына көңіл қоя білулерін, кеңес арқылы дұрыс бағыт беру.	Тәрбиеші.
3	Ұлттық ойындардың балаға пайдасы.	Ұлттық ойындар кітапшасы, ұлттық ойындарды жасау, ережесі.	Баланың салауатты өміріне ұлттық ойындардың пайдасы жайлы түсінік беру.	Тәрбиеші, ата-аналар.
4	«Қысқы ойынның балаға пайдасы» жаднама	Жаднама дайындау.	Ата-анаға қысқы ойынның пайдасы туралы түсіндіру.	Тәрбиеші. Ата-ана

Наурыз

№	Жұмыс түрі	Көрнекі құралдар	Мақсаты	Жауапты
1	«Айналайын ақ мамам» мерекелік ертеңгілік.	Сыйлықтар, шақыру, сыныпты безендіру, гүлдер дайындау.	Аналарға, әжелерге деген көңілді мереке ұйымдастыру. оларды балаларының әнімен, биімен қуанту.	Тәрбиеші.
2	«Өнегелі ұям-отбасым» сурет көрмесі	Отбасылық газет шығару, сыйлық дайындау.	Балаларды өз отбасын сыйлауға, ата-аналарына деген махаббатқа тәрбиелеу.	Ата-аналар, балалар
3	«Наурыз-жыл басы» мерекелік ертеңгілік.	Наурыз мейрамына шақыру, топты ұлттық дәстүрге сай безендіру.	Ата-аналардың көмегімен балаларды ұлттық мейрамымыз жайлы, оның басқа мерекеден ерекшелігі туралы түсінік беру.	Тәрбиеші, ата-аналар, балалар.
4	Көктемгі отырғызулар. (Гүл, пияз)	Тұқым, ыдыс, жер.	Ата-аналарды кірістіре отырып балаларды еңбекке тәрбиелеу.	Тәрбиеші, ата-аналар, балалар.

Сәуір

№	Жұмыс түрі	Көрнекі құралдар	Мақсаты	Жауапты
1	Ашық есік күні.ата-аналарды шақыру.	Шақыру,хабарландыру,көрнекілік дайындау.	Ата-аналарды балаларының бір күндік жұмысын көрсету.	Тәрбиеші
2	«Көңілді жарыс» спорттық жарыс.	Шақыру билеті,Залды безендіру,денсаулыққа қатысты ұрандар ілу,сыйлықтар дайындау.	Ата-аналарды,балаларды салауатты өмір салтына,демалысты тиімді пайдалануға шақыру.	Тәрбиеші,ата-аналар,балалар.
3 +	«Құстарға қамқорлық көрсетейік»	Ағаштан ұя жасау.	Ата-аналарды қол ұшын беруге ынталандыру.	Тәрбиеші,ата-аналар.
4	Апталық күндер. «Менің балалық шағым»,	Хабарландыру,суреттер дайындау,газет шығару.	Ата-аналарды балабақшадағы өтіп жатқан тәрбие жұмыстарына белсенділігін ояту.	Тәрбиеші,балалар,ата-аналар.

Мамыр

№	Жұмыс түрі	Көрнекі құралдар	Мақсаты	Жауапты
1	Қорытынды ата-аналар жиналысы: «Біз бір жасқа есейдік» «Жазғы демалысты қалай өткіземін?»	Хабарландыру. Жұмыстардан көрме ұйымдастыру.	Ата-аналарды балаларының жылдық білімі жайында ақпарат беру.	Тәрбиеші.
2	«Әрқашан күн сөнбесін!» тәрбие сағаты. Жеңіс саябағына бару.	Шақыру, құттықтаулар дайындау, көрнекіліктер дайындау, газет шығару.	ҰОС ардагерлеріне деген құрметке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие беру.	Тәрбиеші, ата-аналар, балалар.
3	Кеңес: «Балаларға арналған мінез-құлық ережелері «Жол ережесін ұмытпа»	Кеңесті қабырға газетіне ілу, ойын дайындау. Презентация.	Ата-аналарды балаларының жолда және үйдегі қауіпсіздік ережелері туралы кеңес беру.	Тәрбиеші, ата-аналар.
4	«Біз не үйрендік»	Слайд жасау	Қортынды анықтама дайындау.	Тәрбиешілер.

№1 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: «14» 09 2023 жыл

Уақыты: 16:00

Қатысқандар саны: 20 ата-ана

Жиналыстың тақырыбы: «Жаңа оқу жылына ортақ дайындық»

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

«Танысу сәті» психологиялық тренингі.

Ата-аналарды жаңа оқу жылының міндеттерімен және ерекшеліктерімен таныстыру.

Ата-аналар комитетінің төрағасы мен мүшелерін сайлау.

Ата-аналарды балабақша ережесімен, ішкі тәртібімен таныстыру (үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу құндылықтары).

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Асанова.Л.М сөз алып, жиналған ата-аналармен өзара байланысты нығайту және жағымды атмосфера қалыптастыру мақсатында «Танысу сәті» атты психологиялық тренинг жүргізді. Ата-аналар тренингке белсене қатысып, бір-бірімен жақын танысты.

Екінші мәселе бойынша: Тәрбиеші ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, алдағы мақсат-міндеттермен, оқу-тәрбие үдерісінің бағыттарымен таныстырды. «Жаңа оқу жылына ортақ дайындық» тақырыбында баланың балабақшаға бейімделуі мен дамуы үшін ата-ана мен балабақша арасындағы ортақ жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

Үшінші мәселе бойынша: Жаңа оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын сайлау ұсынылды. Ата-аналардың бірауыздан келісімімен төмендегі үміткерлер сайланды:

Ата-аналар комитетінің төрағасы: Диярова Жансая

Хатшысы: Машарик К.К

Мүшелері: Жолдаскалиева Алина, Некрасова Дана

Төртінші мәселе бойынша: Тәрбиеші ата-аналарды балабақшаның ішкі тәртіп ережелерімен, баланың келу-кету уақытымен және қауіпсіздік шараларымен таныстырды. Сонымен қатар, бала бойында «үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болу» сияқты адамгершілік құндылықтарды бірлесе қалыптастыру қажеттілігі сөз болды.

ШЕШІМ:

Жиналыстың күн тәртібіндегі мәліметтер мен балабақша ережелері қаперге алынсын және бұлжытпай орындалсын.

Сайланған ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін.

Жаңа оқу жылында балалардың тәрбиесі мен біліміне, балабақшамен тығыз байланыс орнатуға ата-аналар тарапынан толық қолдау көрсетілсін.

Жиналыс төрайымы: Асанова.Л.М  (колы)

Хатшы: Машарик К.К  (колы)

Хаттама №2

Күні: «13» 02 2024 жыл

Уақыты: 16:00

Қатысқандар саны: 18 ата-ана

Жиналыстың тақырыбы: «Бала-біздің болашағымыз» тақырыбында баяндама оқу. Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарын анықтау, дұрыс тәрбие беруге бағыттау. Жиналысқа шақыру, теледидардан тақырыпқа байланысты көріністер көрсету (көрнекі құралдармен жұмыс).

I. Тындалды:

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша топ тәрбиешісі сөз сөйледі. Ол «Бала-біздің болашағымыз» тақырыбында баяндама оқып, бала тәрбиесінің алғашқы алтын дінгегі отбасы екеніне тоқталды. Тәрбиеші ата-аналардың бала тәрбиесіне деген көзқарастарын бағамдау мақсатында жүргізілген жұмыстармен бөлісті.

Жиналыс барысында көрнекі құрал ретінде тақырыпқа байланысты теледидардан арнайы видеороликтер мен тәрбиелік мәні бар көріністер көрсетілді. Балаға дұрыс тәрбие беру, оның болашақта тұлға болып қалыптасуына ата-ана мен балабақшаның бірлескен жұмысы ғана оң әсер ететіні ерекше атап өтілді.

II. Сөйлеушілер (Талқылау):

Ата-ана Кошанов Даурен: Көрсетілген бейнероликтер мен көріністердің тәрбиелік мәні зор екенін және баламен қарым-қатынаста нені ескеру керектігін тереңірек түсінгенін айтты. Ата-ана Болатқызы Айгерим: Баланы дұрыс бағыттау үшін үйде де, балабақшада да талаптардың бірдей болғаны маңызды екенін қолдады.

Шешім: «Бала-біздің болашағымыз» тақырыбы бойынша айтылған кеңестер мен ұсыныстар ата-аналар тарапынан толықтай ескерілсін.

Ата-аналар бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, олардың жан-жақты дамуы үшін балабақшамен бірлесе отырып жұмыс жасауды жалғастырсын.

Көрнекіліктер мен ұсынылған тәрбиелік материалдар ата-аналарға үйде де қолдануға ұсынылсын.

Жиналыс төрайымы: Асанова.Л.М. _____ (қолы)

Хатшы: Машарик.К.К.  (қолы)

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Күні: 22 мамыр 2024 жыл

Тақырыбы: «Біз бір жасқа есейдік», «Жазғы демалысты қалай өткіземіз?»

Қатысқандар: Тәрбиешілер, топ ата-аналары (толық құрамда)

Көрнекіліктер: Хабарландыру, балалар жұмыстарынан ұйымдастырылған арнайы көрме.

Күн тәртібі:

1. Балалардың жылдық білімі мен жетістіктері туралы қорытынды есеп (Ата-аналарға балаларының жылдық білімі жайында ақпарат беру).

2. «Жазғы демалысты қалай өткіземіз?» тақырыбы аясында балалардың жазғы уақытын тиімді әрі қауіпсіз ұйымдастыру бойынша кеңестер беру.

1. Бірінші мәселе бойынша:

Тыңдалды: Топ тәрбиешісі Асанова.Л.М сөз алып, жиналған ата-аналарды оқу жылының аяқталуымен құттықтады. «Біз бір жасқа есейдік» тақырыбы аясында балалардың бір жыл ішінде қол жеткізген табыстары, білім, білік және дағдылары туралы толықтай ақпарат берді. Оқу жылы барысында өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен тәрбиелік шараларға тоқталып, балалардың шығармашылық жұмыстарынан дайындалған көрмені таныстырды.

Сөйледі: Ата-аналар комитетінің төрайымы Диярова.Ж сөз сөйлеп, балалардың жыл бойғы даму деңгейіне жоғары баға берді. Тәрбиешілердің еңбегін атап өтіп, балалардың өз бетінше жұмыс істеу дағдылары мен білімдерінің айтарлықтай артқанын тілге тиек етті.

2. Екінші мәселе бойынша:


Тыңдалды: Топ тәрбиешісі Машарик.К.Қ «Жазғы демалысты қалай өткіземіз?» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында жаз мезгіліндегі балалардың күн тәртібі, дұрыс тамақтануы, шынығу шаралары және ең бастысы — қауіпсіздік ережелері туралы маңызды ақпараттар мен нұсқаулықтар берілді. Жазғы уақытты тек демалыс қана емес, сонымен бірге баланың денсаулығын нығайту және танымдық қабілеттерін дамыту кезеңі ретінде тиімді пайдалану қажеттілігін атап өтті.

Жиналыс қаулы етеді:

3. Тәрбиешінің балалардың жылдық білім деңгейі мен жетістіктері туралы есебі қанағаттанарлық деп танылсын.

4. Жазғы демалыс кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ берілген кеңестер мен нұсқаулықтарды орындау ата-аналарға жүктелсін.

5. Балалардың жазғы уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында танымдық ойындар мен шынықтыру шараларына баса назар аударылсын.

Жиналыс төрайымы: Асанова.Л.М.  (қолы)

Хатшы: Машарик.К.Қ.  (қолы)

